



Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық
университеті

БЕКІТЕМІН

КеАҚ «Жәңгір хан атындағы Батыс
Қазақстан аграрлық-техникалық
университеті» басқарма төрағасы-
ректордың орынбасары,
оқу жұмыстары жөніндегі проректор
А.М. Тубашев
« 17 » ж. 20 ж.



Білім беру сапасын басқару үшін
білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша

ҰСЫНЫМДАР

Орал, 2022

Университет білім алушыларының үлгеріміне бақылау жүргізу тәртібі мен рәсімін айқындайтын, сапаны ішкі және сыртқы қамтамасыз етуге арналған басшылық.

Бағалаудың және баға алудың *академиялық адалдығы* – білім алушылардың жұмыстарын бағалау кезінде баға қою өлшемшарттарын және өлшемшарттар бойынша қойылмаған, бағалау апелляциясы тетіктерін қатаң сақтау рәсімі.

Академиялық адалсыздық немесе *академиялық алаяқтық* – бұл ғылыми және білім беру қызметімен байланысты алаяқтықтың немесе алдаудың кез-келген түрі,

Академиялық адалсыздық түрлеріне мыналар жатады:

– плагиат – тиісті сілтемесіз басқа адамның идеяларын, сөздерін немесе мәлімдемелерін иемдену немесе көбейту;

– негізін құру (фабрикация) – деректерді, сілтемелерді немесе академиялық процеске қатысты кез-келген басқа ақпаратты бұрмалау;

– алдау – оқытушыға/әріптестерге жалған ақпарат беру, мысалы, сабақты өткізіп жіберудің жалған себебі немесе жұмыс тапсырылды деген жалған мәлімдеме;

– көшіру – сыртқы көмекті тиісті рұқсатсыз немесе осы көмекті пайдалануды мойындамай-ақ қолдануға кез-келген әрекет;

– саботаж – басқаларға, өз жұмысын орындауға кедергі келтіруге немесе басқалардың жұмысын толығымен тоқтатуға бағытталған әрекеттер. Мұндай әрекеттерге кітапхана кітаптарынан беттерді жырту немесе басқа адамдардың эксперименттерін үзу жатады.

Тапсырмаларды орындаудағы адалдық университет миссиясы және білім алушының жеке басына тиіспеушілікті дамыту үшін маңызды мәнге ие.

Алдау, плагиат немесе академиялық адалсыздықтың басқа түрлеріне жол берілмейді және тапсырманың орындалмауын немесе сабақтан тыс уақытта қайта тапсыруды қамтитын тиісті санкцияларға әкеледі.

Ұсынымдарды білім беру процесіне қатысушылар университетте оқу кезеңінде қолданады. Оқыту сапасын және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету басшылық, институттар, жоғары мектептер мен оқытушылар арасындағы жалпы жауапкершілік болып табылады.

Келесі негізгі ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

➤ **оқу мақсаты** – қоғам мен жеке өсу талаптарына сәйкес келетін, күтілетін нәтижелердің жиынтығы;

➤ **бағалау мақсаты** – қол жеткізілген нәтижелерді де, оларды қалыптастыру процесін де бағалау. Бағалаудың әр түрлі әдістері мен формаларын қолдану және бағалауға кешенді тәсіл қарастырылған. Бағдарламаны меңгеру процесінде білім алушылардың жеке жетістіктерінің динамикасын бағалауға басты назар аударылады;

➤ **рефлексия** – өзін-өзі тануға, өз іс-әрекетінің нәтижелерін қайта қарастыруға және талдауға бағытталған, ойлау процесі;

➤ **жиынтық бағалау** – оқу бағдарламаларының бөлімдері/ортақ тақырыптары, белгілі бір оқу кезеңі (семестр/триместр, оқу жылы) аяқталғаннан кейін жүргізілетін, бағалау түрі;

➤ **қалыптастырушы бағалау** – үздіксіз жүргізілетін, оқытушы мен білім алушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін және оқу процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік беретін, бағалау түрі;

➤ **критериалды бағалау** – білім алушылардың жетістіктерін нақты анықталған критерийлермен салыстыру процесі. Критерий – нәтиже бағаланатын белгі;

➤ **білім алушылардың оқу жетістіктері** – білім алушылардың оқу процесінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері;

➤ **білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау** – бақылаудың (ағымдағы, аралық, қорытынды) және аттестаттаудың әртүрлі нысандарымен білім алушылардың білім деңгейін тексеру.;

➤ **оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі** – халықаралық практикада қабылданған цифрлық эквиваленті бар әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін, олардың оқу жетістіктерін баллмен бағалау жүйесі;

➤ **рұқсат беру рейтингі** – оқу жұмысының түрлері бойынша қорытынды бақылау тапсыруға рұқсат алуға мүмкіндік беретін үлгерімнің ең төменгі көрсеткіші.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау жүйесі

Бақылаудың барлық түрлері бойынша бағаларды оқу сабақтарын жүргізетін оқытушы қояды.

Баға қою үшін бағалау әдістері мен критерийлері алдын-ала жариялануы керек.

Бағалау барлық білім алушыларға қатысты бірдей (біркелкі), объективті болуы және белгіленген талаптарға сәйкес жүргізілуі тиіс. Бағалау білім алушыларға оқу нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін көрсетуге мүмкіндік береді. Білім алушылар кері байланыс алуы керек, қажет болған жағдайда – оқу процесі туралы кеңестер алуы керек.

Бағалау ережелері жеңілдететін жағдайларды ескеруі керек.

Апелляцияның ресми рәсімі қарастырылуы керек.

Критериалды бағалау құрылымы

Оқу жылы ішінде оқу үлгерімі мен оқытудағы прогресс туралы деректерді жинау үшін бағалаудың екі түрі жүзеге асырылады: қалыптастырушы және жиынтық бағалау.

Бағалауға деген көзқарас пәннің мазмұнына және критериалды бағалау түріне байланысты ерекшеленуі мүмкін.

Қалыптастырушы бағалау оқытудың ажырамас бөлігі болуы керек және қосымша жаттығулар немесе тесттер ретінде қарастырылмауы керек. Силлабус модульдерінің әрқайсысы бойынша оқыту мақсаттары мен күтілетін нәтижелері қалыптастырушы бағалаудың мазмұнын анықтайды. Бұл ретте формативті бағалау процесі стандартталмайды, яғни әрбір оқытушы формативті бағалаудың өзіндік тәжірибесін өз бетінше анықтай алады және оның нәтижелері үшін жауап береді (1-кесте).

Қалыптастырушы бағалау, баллдар мен бағалар қоймастан, білім алушы мен оқытушы арасындағы үздіксіз кері байланысты қамтамасыз етеді. Қалыптастырушы бағалау кезінде білім алушы қателікке және оны түзетуге құқылы. Бұл білім алушының мүмкіндіктерін анықтауға, қиындықтарды анықтауға, үздік нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқу процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы бағалау ағымдағы сабақтарда, БАОӨЖ, кеңес беру кезінде жүзеге асырылады және өзіне дербестікті, зерттеушілік және креативті қабілеттерді, құзыреттерді дамытуды қамтиды.

Кесте 1 – Қалыптастырушы бағалау құралдарының мысалдары

Оқыту мақсаты	Ұсынылатын бағалау құралдары
Сыни ойлауды қалыптастыру, пайымдауларды тұжырымдау (аргументация, рефлексия, бағалау, қорытындылау және т.б.)	Эссе жазу (аргументтерді, рефлексиялық бағалауды ұсынуға және дамытуға бағытталған/зейінделген) Жағдайды сыни талдау Меңгерілген/оқылған әдебиеттерді сыни бағалау Рефлексивті күнделік жүргізу Хабарлама/сөз сөйлеуді дайындау (мәселені және оны шешу жолдарын белгілейтін) Мақаланы дайындау/жазу Мақалаға, кітапқа, монографияға түсініктемелер
Мәселелерді шешу/жоспарлау (мәселені анықтау немесе қою, деректерді жинау және талдау, түсіндіру, теория мен ақпаратты жоспарлау және т.б.)	Жағдайды/оқиғаны талдау Мәселелерді жазу/сценариялау Жағдайды модельдеу Топтық жұмыс (белгіленген/бөлінген мәселені ұжымдық талқылау және оның шешімін іздеу) Әріптестермен мәселелерді/тәжірибені және өз жұмыстарын талқылау және рефлексия жасау Нақты мәселе бойынша зерттеу өтінімінің жобасын дайындау
Әрекеттерді орындау/операцияларды, техникаларды көрсету (есептеулер, мәтіндермен жұмыс, жабдықты пайдалану, процедураларды орындау, хаттамаларды толтыру, нұсқаулықтарды орындау және т.б.)	Практикалық/зертханалық жұмыс бойынша есеп дайындау Тәжірибені/экспериментті көрсету Рөлдік ойынға қатысу Бағдарламалық жасақтама мен бейнені пайдалану Презентациялық плакатты дайындау
Басқару/дамыту (өзін-өзі басқару және өзін-өзі дамыту) (жеке және кооперативтік жұмыс дағдылары, өзінің оқуы мен дамуы үшін жауапкершілік, өзінің оқу	Оқу келісімшарттарын жасасу және орындау (білім алушылар мәселені тұжырымдайтын, жобаны жобалайтын және оны орындайтын, өз жетістіктерін тәуелсіз өлшемшарттар бойынша бағалайтын, өзін-өзі басқаратын жобалардың

кажеттіліктерін диагностикалау қабілеті, тайм-менеджментті жүзеге асыру, өзін-өзі бағалау үшін оқу ресурстарын іздеу және т.б.)	нысаны) Портфолио құру Өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру Өмірбаян жазу Рефлексивті күнделіктерді енгізу/жүргізу Топтық жобаларға қатысу және бағалау Өзара бағалау Өзара оқыту
Білімдерді/түсініктерді көрсету (қайта айтып беру, сипаттау, санамалау, тану, баяндау және т.б.)	Эссе жазу (ақпаратты жаңғыртуға бағытталған) Мультивариативті сауалнамаларды толтыру Тест/шағын тест орындау Бақылау сауалнамалары
Материалдарды әзірлеу/жасау (жобалау, визуализациялау, өнертабыс, жасау, орындау және т.б.)	Портфолио құру Презентация дайындау Ұсыну Топтық жобаларға қатысу Жарысқа қатысу Жобаны жобалау және енгізу Орындау сапасын бағалау
Коммуникация, өзара іс-қимыл (вербалды, вербалды емес, жазбаша, ауызша, топтық қарым-қатынас дағдылары; дәлелдеу, қорғау, келіссөздер, таныстыру, сұхбаттасу және т.б. дағдылары)	Топтық жұмысқа қатысу Пікірталасқа (дебаттарға, келіссөздерге) қатысу Рөлдік ойындарға қатысу Жазбаша презентация дайындау (эссе, есеп, рефлексиялық күнделік және т.б.) Болып жатқан оқиғалардың бейнежазбасымен көпшілік алдында таныстыруға қатысу Нақты кәсіби дағдыларды бақылау немесе көрсету

Жиынтық бағалау модульдер/тақырыптар және белгілі бір оқу кезеңі (семестр/триместр, оқу жылы) аяқталғаннан кейін оқытушыларға, білім алушыларға және мүдделі тұлғаларға білім алушылардың үлгерімі туралы балл және баға қоя отырып, ақпарат беру үшін жүргізіледі.

Бағалау үшін материалды құрастыру кезінде Блум таксономиясының үлес салмағын пайдалану ұсынылады (2-кесте). Бұл белгілі бір кезеңдегі оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтауға және белгілеуге мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы және жиынтық бағалау нәтижелерін оқытушылар оқу процесін жоспарлау, рефлексия жасау және оқытудың өзіндік практикасын жақсарту үшін пайдаланады.

Кесте 2 – Блум таксономиясы деңгейлерінің үлес салмағы

Деңгей	1 оқу жылы	2 оқу жылы	3 оқу жылы	4/5 оқу жылы
Бакалавриат/Магистратура				
Есте сақтау	60/-	40/-	20	10
Түсіну	30/-	30/-	20	10
Қолдану	10/20	20/10	30	30
Талдау	-/40	10/30	10	30
Бағалау	-/20	-/30	10	10
Синтез	-/20	-/30	10	10

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылауды ұйымдастыру және өткізу

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау түрлері – білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау:

- ✓ *ағымдық бақылау* (оқу сабақтарының кестесіне және пәннің силлабусына сәйкес жүргізіледі);
- ✓ *аралық бақылау* (бір академиялық кезең ішінде бір оқу пәні шеңберінде жүргізіледі);
- ✓ *қорытынды бақылау* (оқу жоспарына, академиялық күнтізбеге және силлабусқа сәйкес жүргізіледі).

Оқу үлгерімін *ағымдық бақылау* жиынтық бағалау түрінде жүргізіледі және аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда бақылауды қамтиды.

Ағымдық бақылау білім алушылардың білімін, іскерлігін және құзыретін сандық бағалауды қамтамасыз етуі тиіс.

Әрбір оқытушы ағымдағы семестрде орындау үшін тапсырмалар санын дербес анықтайды, ол пәннің жұмыс бағдарламасында (силлабуста) көрсетіледі.

Әрбір оқытушы ағымдық және қорытынды бақылаудың әртүрлі түрлерін қолдануға және пәндердің жұмыс бағдарламасында (силлабуста) көрсетілетін, білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын белгілеуге құқылы.

Өзіндік жұмыстың тапсырмалары, оқытушының талаптары, білім алушылардың білімін бағалау критерийлері, пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі пәндердің жұмыс бағдарламаларында (силлабуста) көрсетілуі тиіс.

Аралық бақылау санын оқытушы анықтайды және силлабуста көрсетеді.

Рұқсат беру рейтингісінің бағасы ағымдық және аралық бақылау бағаларынан құралады.

Әрбір пән бойынша білім алушылардың оқу нәтижелерінің рейтингтік бағасы, оның жалпы еңбек сыйымдылығына қарамастан, 100 балдық шкала бойынша анықталады.

Оң қорытынды баға, тиісті оқу жұмысының түрі бойынша, белгіленген кредиттер санымен игерілген кредиттерді толықтыруға негіз болады және білім алушының транскриптіне енгізіледі.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылауды бағалау құралдары

Білім алушылардың жазбаша жұмыстарының барлық түрлері плагиат мәніне тексеруден өтеді.

Білім алушылардың білімін бақылау кезінде сұрақтарды қалыптастыру және жауаптарды құрастыру принциптері:

1. Пәндердің сипатына қарай олардың дәрежесі мен білім алушыларды кәсіптік даярлау жүйесіндегі орны – таныстыру, жалпы ғылыми, арнайы/бейіндік болып айқындалады;

2. Осы пәндердің әрқайсысында тең дәрежеде, көріністер деңгейінде берілген, берік білім деңгейінде немесе мамандық бойынша болашақ жұмысында алған білімдерін қолдана білу деңгейінде берілген сұрақтар ерекшеленеді;

3. Бақылау мақсаттарына сәйкес мәселелердің мазмұны, нысаны мен құрылымы қалыптастырылады:

– егер оқу материалын есте сақтау сапасын тексеру қажет болса, сабақта баяндалған тұжырымдарды, анықтамаларды, тұжырымдамаларды, ережелерді немесе заңдарды қайталау туралы сұрақ қою жеткілікті. Бұл жағдайда сұрақ қоюдың өзі білім алушыдан материалдың мәнін түсінбестен қарапайым есте сақтауды талап етеді;

– егер бағдарламаның белгілі бір мәселесін түсіну дәрежесін тексеру керек болса, сұрақ, білім алушы оқыған материалдың мәнін өз сөзімен айтып, дайын, жатталған тұжырымдарды қайталамайтындай етіп, қойылуы керек. Бұл ретте сұрақтың мазмұны, білім алушы оқулықта немесе конспектте тікелей жауап таба алмайтындай, болуы тиіс;

– білім деңгейін анықтау үшін, сұрақ, білім алушыны зерттелетін материалды, белгілі бір жағдайға қатысты іскерліктің немесе дағдылардың деңгейіне талдау жасауға, нақты міндетті (логикалық немесе физикалық іс-әрекеттермен байланысты) шешуге ынталандыруы тиіс.

4. Сұрақтың мазмұны бақылаудың мақсаттарымен анықталады және өз кезегінде білім алушының жауаптарының сипатын анықтайды.

Демек, сұрақ қою формасы, материалды түсінуді, білуді және шеберлікті/дағдыны, бақылауды көздеуі мүмкін:

– түсінуді анықтау сұрағы ағымдағы бақылауда, пәннің негізгі ережелерін, тұжырымдамаларын, анықтамаларын және т.б. түсіну дәрежесін анықтаған кезде қойылады;

– оқу материалын білуді анықтау сұрақтары ағымдағы және қорытынды бақылауда (емтихан) қойылады. Емтихан сұрақтарының формасы білім мен дағдыларды, кейбір жағдайларда шеберлікті бақылауға бағынады. Бақылау мақсатына және сұрақты қоюдың негізгі формаларына сүйене отырып, мәселенің мазмұнына қойылатын талаптарды тұжырымдау және мәселенің сипатын анықтау қажет;

– материалды білу дәрежесін анықтауға арналған сұрақтардың мазмұны, білім алушылардың пәннің негізгі ережелері мен мазмұнын меңгеру деңгейі туралы; осы мамандық үшін осы білімнің мәні мен әлеуметтік мәні және т.б., айтуға болатындай болуы керек;

– практикалық мәселелерді шешуде меңгерілген материалды қолдану қабілетін анықтауға арналған сұрақтардың мазмұны келесідей болуы керек, практикалық жағдайды талдау қабілетін бақылау; меңгерілген пәннің негізгі ережелерін нақты жағдайда дұрыс қолдану және т.б.

Кез-келген практикалық әрекеттер орындалғанда, алған дағдылардың деңгейін бақылау кезінде, оларды орындауға кеткен уақыт нормативтерін ескеру қажет.

Бақылау нысандары: коллоквиум, бақылау жұмысы, баяндама, конспект, семинар, ғылыми мақала, жоба, реферат, эссе, кейс-стади, ауызша сұрау (емтихан), жазбаша жұмыс (емтихан), тесттік емтихан, бақылау нормативтерін тапсыру және т.б.

Ағымдық бақылау түрлері және бағалау критерийлері бойынша ұсынымдар

Коллоквиум – оқытушының білім алушымен әңгімелесуі немесе коллоквиумға шығарылған мәселелердің бірі бойынша жазбаша жұмыс түрінде оқу сабағы ретінде ұйымдастырылған тақырыптың, бөлімнің немесе пәннің бөлімдерінің оқу материалын меңгеруін ағымдағы немесе аралық бақылау құралы. Шын мәнінде, бұл миниатюрадағы емтихан, демек, коллоквиумға жауапты бағалау кезінде емтихан сияқты өлшемдерді қолдануға болады.

Бақылау жұмысы – тақырып немесе бөлім бойынша белгілі бір типтегі мәселелерді шешу үшін алынған білімді қолдану дағдыларын тексеру құралы. Бұл берілген уақыт ішінде орындалатын жазбаша тапсырма.

Бақылау нысаны	Бағалау критерийлері	Балл
Бақылау жұмысы	- болжамды жауапқа сәйкестік; - іс-қимылдарды орындау алгоритмін дұрыс пайдалану (әдістемелер, технологиялар және т. б.); - ойлау логикасы; - шешімге ерекше көзқарас	
	-	100

Баяндама – білім алушы өз бетінше дайындаған, алынған нәтижелерді ұсыну, белгілі бір оқу-практикалық, оқу-зерттеу немесе ғылыми мәселені шешу бойынша көпшілік алдында сөз сөйлеу.

Баяндаманы бағалау критерийлерінің саны мен салмағы, баяндама бағалаудың жалғыз объектісі болып табылатындығына немесе оның тек бір бөлігін білдіретіндігіне байланысты болады.

Бақылау нысаны	Бағалау критерийлері	Балл
Баяндама	- жасалған баяндаманың тақырыпқа, қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі; - тақырыпты түсінгенін, ақпаратты сыни талдау білетіндігін көрсетті; - оқыту әдістері мен оларды қолдана білу дағдыларын көрсетті; - кестелер, сызбалар, суреттер және т.б. көмегімен ақпаратты жинақтады; - презентацияны дайындау кезіндегі өзіндік ерекшілік, шығармашылық және креативтілік	
	-	100

Конспект – білім алушының ақпаратты өңдеу дағдыларын қалыптастыруға және бағалауға мүмкіндік береді.

Бақылау нысаны	Бағалау критерийлері	Балл
Конспект	- мәтіннің оңтайлы көлемі (түпнұсқаның үштен бір бөлігінен артық емес); - мәтіннің логикалық құрылысы және байланысы; - материалды баяндаудың толықтығы/тереңдігі (негізгі ережелердің, ойлардың болуы); - ақпаратты өңдеу нәтижесі ретінде визуализациялау (кестелер, сызбалар, суреттер); - ресімдеу (ұқыптылық, түпнұсқаның құрылымын сақтау)	
	-	100

Семинар – бұл оқу сабақтарын ұйымдастырудың формасы ғана емес, сонымен қатар бағалау құралы бола алады. Бұл жағдайда, семинарды өткізу білім алушыға сеніп тапсырылады және оны өткізу бағасы, мысалы, семестрдің қорытынды бағасына 10 % үлес қосады.

Білім алушы семинарды ұйымдастыру бойынша барлық іс-әрекеттер үшін жауапкершілікті өзіне алады (тақырыпты таңдайды, дайындау үшін дереккөздердің тізімін немесе материалдарды, үлестірме материалды, семинарды өткізу жоспарын дайындайды) және тікелей өткізеді.

Бақылау нысаны	Бағалау критерийлері	Балл
Семинар	<ul style="list-style-type: none"> - дайындық сапасы (ұсынылған оқу материалдары, үлестірме материалдар, нұсқаулық, қолдау және көмек); - түсіндіру сапасы (материалды еркін меңгеру, тақырыпты анық түсіну, сұрақтарға нақты жауаптар, мысалдар келтіру); - ресурстардың сапасы (ұсынылған релевантты көздердің кеңдігі, оқуға қажетті көздерге сілтемелер); - презентация сапасы (аудио және видео жабдықтарды, үлестірмелі материалдарды жақсы пайдалану, жанды, динамикалық); - пікірсайыс сапасы (оқығудың тиімді және қызықты топтық әдістерін пайдалану, білім алушыларды қатысуға тарту, жұмысты үйлестіру) 	100

Ғылыми мақала – бағалау құралы ретінде білім алушылардың оқу материалын меңгеру деңгейін, сондай-ақ оның ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін көрсете алады.

Бақылау нысаны	Бағалау критерийлері	Балл
Ғылыми мақала	<ul style="list-style-type: none"> - тақырыптың өзектілігін негіздеу және оны ашу дәрежесі; - мақала жазу логикасын сақтау; - мақаланың таңдалған журнал тақырыбына сәйкестігі; - автордың ережелерін сақтау; - ғылыми жұмысты ресімдеу нормаларын сақтау 	100

Жоба – оқу және зерттеу тапсырмаларының кешенін жоспарлау және орындау нәтижесінде алынатын түпкілікті өнім. Білім алушылардың практикалық міндеттер мен мәселелерді шешу процесінде өз білімдерін өз бетінше құрастыра білуін бағалауға, ақпараттық кеңістікте бағдарлай білуін және талдау, зерттеу дағдыларының, практикалық және шығармашылық ойлау дағдыларының қалыптасу деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

Жоба берілген уақыт аралығы ішінде жеке тәртіппен немесе білім алушылар тобымен орындалуы мүмкін.

Бақылау нысаны	Бағалау критерийлері	Балл
Жоба	<p>жобаны орындау процесін бағалау дербестік, зияткерлік қызметтің белсенділігі, қойылған міндеттерді орындауға шығармашылық көзқарас, ақпаратпен жұмыс істей білу, командада жұмыс істей білу;</p> <p>алынған нәтижені бағалау жобаның мақсаттары мен міндеттерін нақты және анық тұжырымдау, олардың тақырыпқа сәйкестігі; дереккөздерді таңдаудың негізділігі; мәселені және оның шешімдерін ашудың тереңдігі/толықтығы /негізділігі; қорытындылар мазмұнының жобада мәлімделген мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі; теориялық немесе практикалық сипаттағы жаңалық элементтерінің болуы; практикалық маңыздылығы; жұмыстың ресімделуі;</p> <p>жобаны қорғауда сөз сөйлеуді бағалау сөз сөйлеудің мәлімделген тақырыпқа сәйкестігі; құрылымдылық, қисындылық, қолжетімділік, минималды жеткіліктілік; зерттелетін тақырыпты меңгеру деңгейі (терминологияны меңгеру, материалдағы бағдар, заңдылықтарды, өзара байланыстарды түсіну және т.б.); аргументтілік, анықтық, сұрақтарға жауаптардың толықтығы; сөз сөйлеу мәдениеті (еркін сөйлеу, парактан оқу, материалды беру стилі және т.б.</p>	100

Реферат – белгілі бір ғылыми (оқу-зерттеу) тақырыпты теориялық талдаудан алынған нәтижелерді жазбаша түрде қысқаша баяндайтын, зерттелетін мәселенің мәнін ашатын, әртүрлі көзқарастарды келтіретін, білім алушының өзіндік жұмысының өнімі, 15 бетке дейінгі көлемдегі жұмыс.

Силлабуста білім алушылар реферат тақырыбын таңдайтын, тақырыптар тізбесі келтіріледі.

Бақылау нысаны	Бағалау критерийлері	Балл
Реферат	<ul style="list-style-type: none"> - ақпараттық жеткіліктілік; - материалдың тақырып пен жоспарға сәйкестігі; - баяндау стилі мен тілі (терминологияны, түсініктемелерді, жаңа ұғымдарды орынды пайдалану); - дәйексөздердің ықшамдылығы, қисындылығы, дұрыс қолданылуы және ресімделуі; - өз позициясының айқын болуы; - пайдаланылған көздердің барабарлығы және саны 	
	-	100

Эссе – білім алушының қойылған мәселенің мәнін жазбаша баяндау қабілетін бағалауға, тиісті пәннің тұжырымдамалары мен талдау құралдарын пайдалана отырып, осы мәселеге өз бетінше талдау жүргізуге, қойылған мәселе бойынша авторлық ұстанымын жинақтайтын қорытынды жасауға мүмкіндік беретін құрал

Эссенің рефераттан ерекшелігі – бұл идеяларды, тұжырымдамаларды, ғылымның, өнердің, жеке тәжірибенің, қоғамдық практиканың және тағы да басқа салалардың байланысты үлгілерін қолдана отырып, білім алушының ғылыми мәселеге қатысты өзіндік шығармасы-рефлексиясы.

Эссені сабақ кезінде (онда оның уақыты, мақсатына байланысты, 5 минуттан 45 минутқа дейінгі шектеледі) немесе аудиториядан тыс уақытта қолдануға болады.

Бақылау нысаны	Бағалау критерийлері	Балл
Эссе	<ul style="list-style-type: none"> - мәтінді құрастырудың логикалық құрылымының болуы (мәселені қоя отырып кірісу; негізгі идеялар бойынша бөлінген негізгі бөлік; пайымдау нәтижесінде алынған тұжырымдармен қорытындылау); - эссе тақырыбы бойынша нақты айқындалған жеке ұстанымның болуы; - жеке ұстанымды негіздеу кезінде дәлелдердің барабарлығы; - баяндау стилі (кәсіби терминдерді, дәйексөздерді пайдалану, фразалардың стилистикалық құрылысы және т.б.) 	
	-	100

Кейс-стади – мәселелік тапсырмаларды пайдалануға негізделген, онда білім алушыларға берілген мәселені шешу үшін өзіне қажетті, бірақ толық емес ақпаратты қамтитын нақты кәсіби-бағдарланған жағдайды ұғыну ұсынылады.

Кейс-әдісінде қолданылатын негізгі ұғымдар – "жағдай" және "талдау" ұғымдары, сонымен қатар олардан алынған "жағдайды талдау".

Кейс-стадиді қолдану қажеттілігі, функционалдық құзыреттерді бағалау, тек тестілік сипаттағы сұрақтарға жауап беруге дейін төмендетілмейтіндігімен байланысты, өйткені функционалдық құзыреттер – бұл, адамның еңбек саласында немесе логикалық есептерді шешуде, жасай білуі керек нәрсесі.

Бақылау нысаны	Бағалау критерийлері	Балл
Кейс-стади	<ul style="list-style-type: none"> - кейстегі көптеген мәселелердің тұжырымдалғаны және талданғаны; - ақпаратпен жұмыс істеу кезінде барабар талдамалық әдістердің көрсетілгені; - кейсті шешу үшін қосымша ақпарат көздерінің пайдаланылғаны; - барлық қажетті есептеулердің жүргізілгендігі; - кейсті шешу барысында дайындалған құжаттар мағынасы мен мазмұны бойынша оларға қойылатын талаптарға сәйкес келетіндігі; - қорытындылардың негізделгендігі, дәлелдердің салмақтылығы; кейстің осы шешімін басқа шешімдерден ажырататын өз тұжырымдарының жасалғандығы 	
	-	100

Критериалды бағалау (КБ) мысалы

№	Модуль бойынша тапсырма	Бағалау критерийлері	Дескрипторлар	Балл
1	Эссе	1. Тақырыпты ашудың тереңдігі және пайымдаудың сенімділігі - 30 балл	- ұсынылған тақырыпты сенімді түсіну	15
			- эссе негізгі тақырыпқа сәйкес келмейді	0
			- мәселені бөлектеу (айқандау)	15
			- мәселе дұрыс таңдалмаған немесе мәселе анықталмаған	0
		2. Аргументтеу - 30 балл	- аргументтің (тердің) болуы	15
			- аргументтің (тердің) болмауы	0
			- автордың жеке ұстанымының болуы	15
			- автордың жеке ұстанымының болмауы	0
		3. Композициялық тұтастық және қисындылық - 40 балл	- композициялық тұтастықтың болуы, тұжырымның бөліктері қисынды түрде байланысты, ой дәйекті түрде дамиды	20
			- композициялық тұтастығы бұзылған	0
- түпнұсқалылық, қорытындылардың жаңашылдығы	20			
- жеке және шығармашылық көзқарас көрсетілмеген	0			
Максималды балл:				100
2	Реферат	1. Рефератталған мәтіннің жаңашылдығы - 20 балл	- мәселе мен тақырыптың өзектілігі	10
			- авторлық позицияның болуы, пайымдаулардың дербестігі	10
		2. Мәселенің мәнін ашу дәрежесі - 30 балл	- жоспардың реферат тақырыбына сәйкестігі	5
			- мәселенің негізгі ұғымдарын ашудың толықтығы мен тереңдігі	10
			- материалмен жұмыс істеу тәсілдері мен әдістерінің негізділігі	10
			- әдебиетпен жұмыс істей білу, материалды жүйелеу және құрылымдау	5
		3. Дереккөздерді таңдаудың негізділігі - 20 балл	- мәселе бойынша әдеби дереккөздерді толық пайдалану шеңбері	10
			- мәселе бойынша жаңа жұмыстарды тарту (журнал басылымдары, ғылыми еңбектер жинағы және т.б.)	10
		4. Ресімдеуге қойылатын талаптарды сақтау - 20 балл	- пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелерді дұрыс рәсімдеу	10
			- сауатты және мәдени мазмұндау	5
			- реферат көлеміне қойылатын талаптарды сақтау	5
		5. Сауаттылық - 10 балл	- орфографиялық және синтаксистік қателіктердің, стилистикалық қателіктердің болмауы	5
			- жалпы қабылданғандардан басқа, сөздерді қысқартулардың, қате жазулардың болмауы	5
Максималды балл:				100
3	Практикалық тапсырмаларды орындау	- тақырыпты ашудың толықтығы	25	
		- баяндау стилі мен тілі (терминологияны пайдалану, жаңа ұғымдарды түсіндіру, қисындылық, есептерді шешу алгоритмін таңдаудың дұрыстығы және т.б.)	20	
		- мәселені шешуде нақты ұстанымның болуы	20	
		- практикалық жағдайға талдау жасай білу	20	
		- негізгі теориялық материалдарды нақты жағдайда дұрыс қолдану (практикалық қолдану)	15	
		Максималды балл:		

Қорытынды бақылау түрлері және бағалау критерийлері бойынша ұсынымдар

Емтихан – қандай да бір оқу пәні, модуль және т.б. бойынша білімді, іскерлікті, құзыреттілікті бағалау үшін, белгіленген ережелер бойынша жүргізілетін рәсім.

Дәстүрлі емтихан, емтиханға шығарылатын сұрақтар тізімін алдын-ала (оқудың басында немесе оқудың соңында, сессия алдында) беруді қамтиды.

Бақылау нысаны	Бағалау критерийлері	Балл
Ауызша емтихан	- арнайы терминологияны меңгеру - курстың теориялық негіздерін білу тереңдігі мен толықтығы - теориялық материалды суреттей білу - пікірталас дағдылары	
	-	100
Жазбаша емтихан	- көлемі мен құрылымы - материалды ұсыну логикасы - тиісті терминологияны, баяндау стилін пайдалану - ақпарат көздеріне сілтемелердің болуы - сұрақтар қою және оларды ашу дәрежесі - қажетті есептеулерді орындау - жұмыс нәтижелері бойынша қорытындыларды тұжырымдау	
	-	100
Практикалық (демонстрациялық) емтихан	- техникалық есепті (міндетті) қою (тапсырма нұсқасы) - пәннің теориялық материалын нақты практикалық жағдайда дұрыс қолдану - есептеулерді орындау (қажет болған жағдайда) - аспапта (жабдықта, аппаратта және т.б.) практикалық іс-әрекеттерді жүргізе алу қабілеті - сандық платформада жұмыс істей білу (компьютерлік бағдарламалардың көмегімен есептерді шешу) - практикалық дағдыларды көрсету дәрежесі - жұмыс нәтижелері бойынша қорытынды шығару (нәтижелерді өңдеу)	
	-	100

Қорытынды бақылау бойынша билеттер бақылау сұрақтары негізінде әзірленеді және білім алушылардың оқу жетістіктерін жалпы пән бойынша бағалауға мүмкіндік беруі тиіс. Билет пәннің әртүрлі бөлімдерінен (модульдерінен) құралған үш-төрт сұрақтан тұрады.

Егер пән практикаға бағытталған болса, онда мәселелер, міндеттерді шешу дағдыларын анықтауға, есептеулерді жүзеге асыруға, практикалық дағдыларды көрсетуге (қандай да бір практикалық іс-әрекеттерді орындауға) тұжырымдалуы тиіс.

Емтихан сұрақтарын қалыптастыру бойынша *ұсынымдар* кестеде келтірілген.

Деңгей / Сұрақтың түрі/типi			
<i>Бакалавриат</i>		<i>Магистратура</i>	
Есте сақтау	«Анықтама беріңіз...» «Атаңыз...» «Тізімдеңіз...» «Сипаттаңыз...» «Көрсетіңіз...» және т.б.	Қолдану	«Пайдаланыңыз...» «Қолданыңыз...» «Табыңыз...» «Таңдаңыз...» «Байланысты анықтаңыз...» және т.б.
Түсіну	«Түсіндіріңіз...» «Мысал келтіріңіз...» «Шешімді табыңыз...» «Есептеңіз...» «Ашыңыз...» «Өз түсінігіңізді көрсетіңіз...» «Айырмашылықты анықтаңыз...» «Нақтылаңыз...» және т.б.	Талдау	«Салыстырыңыз...» «Өзара байланысты анықтаңыз...» «Сыни тұрғыдан бағалаңыз...» «Тексеріңіз...» «Санатты анықтаңыз...» «Айырмашылықты түсіндіріңіз...» «Талдаңыз...» «Негіздеңіз...» және т.б.
Қолдану	«Пайдаланыңыз (қолданыңыз)...» «Табыңыз...» «Таңдаңыз...» «Байланысты анықтаңыз...» және т.б.	Бағалау	«Бағалаңыз...» «Шешімді табыңыз (бағыт беріңіз)...» «Дәлелдеңіз...» «Болжам жасаңыз...» және т.б.
	-	Синтез	«Талданған элементтерден біртұтас тұтастық жасаңыз...» «Осы бірліктің құрамдас бөліктері арасындағы байланысты анықтаңыз...» «Алынған объектінің негізгі және қосалқы қасиеттерін бөлектеңіз...» «Синтез алгоритмін жасаңыз...» «Нысандар туралы ақпаратты қорытындылаңыз...» және т.б.

Пән бойынша бағалау рәсімінің мысалы

Бақылау түрі	№	Модуль бойынша тапсырма	Орындалу мерзімі, апта	Бағалау критерийлері	Дескрипторлар	Балл
Ағымдық бақылау	1	«...» тақырыбы бойынша бақылау жұмысын орындау (практикалық міндеттерді шешу)	1-5	КБ кестесіне сәйкес	Есептерді шешуде статистикалық әдістерді қолдануға, алынған нәтижелерді талдауға және мазмұнды түсіндіруге қабілетті	100
	2	Рефераттар жазу	6-9	КБ кестесіне сәйкес	Мәселенің мәнін ашуға, автордың позициясын негіздеуге, шешімнің тәуелсіздігін көрсетуге қабілетті	100
	3	Кейстік тапсырма	10-15	КБ кестесіне сәйкес	Кейстегі мәселені шешу бойынша талдамалық әдістерді көрсетуге, өз қорытындыларын шығаруға қабілетті	100
Аралық бақылау	Тапсырма			Бағалау критерийлері	Дескрипторлар	Балл
	Аралық бақылау №1					
	Тесттік тапсырмаларды орындау			КБ сәйкес	Тест тапсыруға қабілетті	100
	Аралық бақылау №2					
	Тесттік тапсырмаларды орындау			КБ сәйкес	Тест тапсыруға қабілетті	100
Аралық бақылау №3, 4...						
Тесттік тапсырмаларды орындау			КБ сәйкес	Тест тапсыруға қабілетті	100	
Қорытынды бақылау	Емтиханды өткізу нысаны			Бағалау критерийлері	Дескрипторлар	Балл
	Ауызша емтихан			КБ сәйкес	Емтихан тапсыруға қабілетті	100
Қорытынды бағад	Семестрде қорытынды бақылау					
	Баға (білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесіне сәйкес)				И = RD * 0,7 + E * 0,3	

Бағалау критерийлері – силлабуста және емтихан парағында нақты жазылған параметрлер, олар бойынша білім алушыларды ағымдық, аралық және қорытынды бағалау жүргізіледі

Силлабуста, бағалау кезінде, барлық параметрлерді және олардың салмақтық үлесін көрсете отырып, бағалау критерийі (evaluation criteria) бөлімінің болуы ***міндетті***.

Білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау критерийлері:

– «**A**», «**A-**» бағалары, егер білім алушы оқу-бағдарламалық материалды жан-жақты, жүйелі және терең білетіндігін көрсетсе, оны жан-жақты, дәйекті, сауатты және қисынды түрде ұсынса, тапсырманы өзгерткен кезде жауап беруге қиыналмаса, қойылған тапсырмаларды еркін орындаса, монографиялық материалдарды білетіндігін көрсетсе, қабылданған шешімдерді дұрыс негіздей білсе, практикалық жұмыстарды орындаудың жан-жақты дағдылары мен тәсілдерін меңгерген болса, материалды өз бетінше жалпылау және баяндау қабілетін көрсетсе, қателіктер жібермесе, пәннің негізгі ұғымдарынның өзара байланысын және олардың мамандық алудағы маңызын түсіндіре алса, үй тапсырмаларын уақтылы және дұрыс орындаса, қойылады;

– «**B+**», «**B**», «**B-**» бағалары, егер білім алушы оқу-бағдарламалық материалды нық білсе, оны сауатты және мәні бойынша баяндаса, сұраққа жауап беруде елеулі дәлсіздіктерге жол бермесе, теориялық ережелерді дұрыс қолдана алса және практикалық тапсырмаларды орындау кезінде қажетті дағдыларды меңгеріп, оны пайдалана алатын болса, қойылады;

– «C+», «C», «C-», «D+», «D», «D-» бағалары, егер білім алушы тек қана негізгі материалды игерген, бірақ жеке мәліметтерді білмесе, дәлсіздіктерге жол берсе, дұрыс тұжырымдаулар жеткіліксіз болса, бағдарламалық материалды ұсынуда бірізділікті бұзса және практикалық тапсырмаларды орындауда қиналса, сондай-ақ, оқу материалын жүйелеуде үлкен қиындықтар сезінсе, қойылады;

– «FX», «F» бағалары, егер білім алушы бағдарламалық материалдың маңызды бөлігін білмесе, елеулі қателіктер жіберсе, практикалық жұмыстарды үлкен қиындықпен орындаса, ағымдық, аралық және межелік бақылау нысандарында көзделген тапсырмаларды орындамаса, қойылады.

Академиялық адалдық Лигасында қабылданған оқыту сапасын статистикалық талдаудың және баға қоюдың негізгі элементі – *бағаларды бөлу* – оқу бағдарламасы (пәні) бойынша сандық (әріптік) бағалау функциясы ретінде қойылған бағалар саны болып табылады.

Емтихан сессиясының қорытындысы бойынша қалыпты бөлу процесінде оқу бағдарламасы (пәні) бойынша бағалар *мынадай арақатынаста* болуы тиіс:

– «A», «A-» (90-100 %) – реферативтік топтағы білім алушылардың жалпы санынан **10 % артық емес**;

– «B+», «B», «B-» (75-89 %) – реферативтік топтағы білім алушылардың жалпы санынан **25 % артық емес**;

– «C+», «C», «C-» (60-74 %) – реферативтік топтағы білім алушылардың жалпы санынан **кемінде 30 %**;

– «D+», «D», «D-» (50-59 %) – реферативтік топтағы білім алушылардың жалпы санынан **кемінде 25 %**;

– «F» (0-49 %) – реферативтік топтағы білім алушылардың жалпы санынан **кемінде 10 %**.

Көрсетілген бөліністерден **5 %-дан артық** ауытқулардың әрбір жағдайы алқалық органдардың талдау нысанына айналуы тиіс және университет ден қою шараларын қабылдауды қамтамасыз етеді.

Университет оқытушылары топтың барлық білім алушыларының құзыреттерін саралап бағалау жүргізуге мүмкіндік беретін, бақылау іс-шараларының әдістемелік әралуандығын қамтамасыз етуге **міндетті**.

Қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалану бағалау саясатының төмендеуіне алып келмеуі тиіс. Қашықтықтан оқыту форматы үшін қабылданған бағалау критерийлерін қатаң сақтау.

Университеттің қатаң академиялық саясатын сақтауды қамтамасыз ететін академиялық адалдық қағидаттарын, оның ішінде талдаудың электрондық құралдарын ұстану.

Білім алушының оқу процесін ұйымдастыру кезіндегі құқықтары мен міндеттері

Білім алушылар оқу процесі басталғанға дейін оқу процесін ұйымдастыру қағидаларымен және оқытылатын пәндерді меңгеру сапасын бағалау өлшемшарттарымен танысуға міндетті.

Оқу процесінде ***білім алушылар міндетті***:

– жоғарыда көрсетілген ережелерді қатаң сақтауға;

– бекітілген жеке оқу жоспарына сәйкес оқу пәндерін меңгеруге;

– ағымдағы аттестаттауды ескере отырып, барлық жоспарлы оқу жұмыстарын мерзімінде орындауға;

– барлық оқу сабақтарына қатысуға.

Білім алушының ақпарат алуға ***құқығы бар***:

– оқу пәнін оқу шарттары туралы;

– оқу сабақтары мен бақылау түрлері туралы;

– пән бойынша оқу нәтижелерін бағалау критерийлері мен рәсімдері туралы;

– әр бақылау шарасының нәтижелері туралы;

– ағымдық және аралық аттестаттаудың нәтижелері туралы;

– қорытынды сынақ бағдарламасы туралы;

– семестр және оқу жылындағы бақылаудың қорытынды нәтижелері туралы.



Западно-Казахстанский аграрно-технический университет
имени Жангир хана

УТВЕРЖДАЮ

Заместитель председателя правления -
ректора НАО «Западно-Казахстанский
аграрно-технический университет
имени Жангир хана»

проректор по учебной работе
Н.М. Губашев

« 17 » 03 2022 г.



РЕКОМЕНДАЦИИ

оценивания учебных достижений обучающихся
для управления качеством образования

Уральск, 2022

Руководство для внутреннего и внешнего обеспечения качества, определяет порядок и процедуру проведения контроля успеваемости обучающихся университета.

Академическая честность оценивания и получения оценки – процедуры строго следования критериям выставления оценок при оценивании работ обучающихся и механизмов апелляции оценки, выставленной не по критериям.

Академическая нечестность или *академическое мошенничество* – это любой тип мошенничества или обмана, который связан с научной и образовательной деятельностью.

К типам академической нечестности относятся:

- плагиат – присвоение или воспроизводство идей, слов или утверждений другого человека без соответствующей отсылки;
- фабрикация – фальсификация данных, ссылок или любой другой информации, связанной с академическим процессом;
- обман – предоставление ложной информации преподавателю/коллегам, например, ложная причина пропущенного урока или ложное утверждение, что работа была сдана;
- списывание – любая попытка использования внешней помощи без соответствующего на то разрешения, либо без признания использования этой помощи;
- саботаж – действия, направленные на то, чтобы помешать другим, выполнять свою работу или полностью остановить работу других. К таким действиям относятся вырывание страниц из библиотечных книг или прерывания проведения экспериментов других лиц.

Честность в выполнении заданий имеет важное значение для миссии университета и развития личной неприкосновенности обучающегося.

Обман, плагиат или другие виды академической нечестности не будут допускаться и приведут к соответствующим санкциям, которые включают в себя провал задания или передачу во внеурочное время.

